ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ү К І М

2026 жылғы 2 қараша № 5241-26-00-1/1630 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Есенов,
сот отырысының хатшысы Г.Жумакулова, Д.Усман,
мемлекеттік айыптаушылар Н.А.Алжан, М.Муталипов,
жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбековтің, Қ.Қ.Алтынбектің, Ә.М.Боранбаевтың,
сотталушылар А.Е.Балкыбаевтың, Ә.Е.Серіктің, А.М.Сайдахметовтің,
олардың қорғаушылары - адвокаттар Б.А.Шойбеков, Г.Ж.Масатбаеваның, Е.Абдрахмановтың, А.Патсахановтың, Б.Жумаевтың, оның сотпен танылған қорғаушылары Г.М.Батугенованың, Д.Р.Сейдахматованың қатысуларымен,
ашық сот отырысында, дыбыс-,бейне жазбасын қолданып, жалпы тәртіппен қылмыстық істі қарады, ол бойынша:

Балкыбаев Аскат Еримбетович, 1983 жылғы 3 қазанда Өзбекстан Республикасы, Нукус елді мекенінде туған, білімі жоғары, некеге тұрған, бұрын сотты болмаған, жеке кәсіпкер, тұрғылықты мекенжайы: Шымкент қаласы, Ибрагим ата көшесі, №55 үй, 2026 жылғы 2 шілдесінен «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, айыптау актісінің көшірмесін алған,

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен, 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған үшін айыпталып сотқа берілді.

Сайдахметов Ахмадали Мухамадалиевич, 1984 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласында туған, білімі жоғары, некеге тұрған, бұрын сотты болмаған, жұмыссыз, тұрғылықты мекенжайы: Шымкент қаласы, Бершінтөбе көшесі, №35 үй, 2026 жылғы 2 шілдесінен «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, айыптау актісінің көшірмесін алған,

ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4) тармағымен, 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған үшін айыпталып сотқа берілді.

Серік Әлихан Ермаханұлы, 1995 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданында туған, білімі жоғары, некеге тұрған, бұрын сотты болмаған, жұмыссыз, тұрғылықты мекенжайы:

Шымкент қаласы, №283 көшесі, №325 үй, 2026 жылғы 2 шілдесінен «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған, айыптау актісінің көшірмесін алған,

ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен, 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған үшін айыпталып сотқа берілді.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

Сотталушы А.Е.Балкыбаев 2020 жылдың сәуір айынан бастап «YouTube», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде «acko.balkybaev» парақшасын жүргізіп, қала және республика аумағында орын алған қоғамдық оқиғаларға байланысты, оның ішінде мемлекеттік орган қызметкерлері жол берген заң бұзушылықтар, полиция қызметкерлерінің қызметтік тәртіпті бұзу және жол жүрісі қағидаларын сақтамау фактілері туралы бейнежазбаларды жариялау арқылы блогер, қоғам белсендісі ретінде танымал болған. Сотталушылар А.М.Сайдахметов пен Ә.Е.Серік А.Е.Балкыбаевпен 2020 жылдан бастап таныс болып, онымен достық қарым-қатынаста болған және оның әлеуметтік желідегі танымалдығы мен ықпалынан хабардар болған.

2026 жылғы 18 маусымда А.Болат алкогольдік ішімдік ішкеннен кейін өзінің басқаруындағы мемлекеттік белгісі 116AUJ17 «Lada Granta» автокөлігін басқарып, Шымкент қаласы, Б.Момышұлы көшесінде Шымкент қаласы Полиция департаменті патрульдік полиция полкінің инспекторы Р.Н.Жакыпбековпен тоқтатылып, медициналық куәландырудан өткізіліп, автокөлігі айып тұрағына қойылған.

2026 жылғы 19 маусымда А.Болат досы Р.А.Абдулуакилхан арқылы А.Е.Балкыбаевпен «WhatsApp» желісі арқылы байланысып, өзін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 608-бабы бойынша жауаптылықтан босатуға көмек сұраған. Осы кезде А.Е.Балкыбаевта өзінің әлеуметтік желідегі танымалдығын пайдаланып, алайда тұлғаны әкімшілік жауаптылықтан босатуға құқығы да, мүмкіндігі де жоқ екенін біле тұра, алдау арқылы бөтеннің мүлкін иемдену ниеті пайда болып, ол бұл ниетін жүзеге асыру үшін А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серікпен алдын ала сөз байласқан.

2026 жылғы 19 маусымда сағат 23:00 шамасында сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серік Шымкент қаласы, Гагарин көшесінде орналасқан бильярд клубында А.Болат және Р.А.Абдулуакилханмен кездесіп, А.Болатты әкімшілік жауаптылықтан босатып беретіндерін айтып, оның сеніміне кіріп, одан 1 000 000 теңге талап еткен. А.Болат олардың уәдесіне сеніп, сол жерде А.Е.Балкыбаевтың нұсқауымен 300 000 теңгені қолма-қол Ә.Е.Серікке берген.

Одан әрі алдын ала сөз байласу бойынша А.М.Сайдахметов 8-775-136-77-77 абоненттік нөмірінен А.Болаттың 8-747-662-25-24 нөміріне

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

хабарласып, қалған 700 000 теңгені Шымкент қаласы, Темірлан тас жолындағы «Авто-Нұр» базарының жанындағы автокөлік жөндеу (вулканизация) орталығына алып келуін талап еткен. А.Болат ол жерде А.Е.Балкыбаев пен А.М.Сайдахметовпен кездесіп, А.Е.Балкыбаевтың нұсқауымен қалған 700 000 теңгені А.М.Сайдахметовке берген. Сотталушылар А.Болатқа әкімшілік жауаптылыққа тартылмайтынын айтып, оның сеніміне әбден кірген.

2026 жылғы 22 маусымда А.М.Сайдахметов бейнеқоңырау арқылы Р.Н.Жакыпбековпен хабарласып, А.Болаттың А.Е.Балкыбаевтың адамы екенін айтып, оны ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша жауаптылықтан босатуды талап еткен, алайда Р.Н.Жакыпбеков бұл заңсыз талапты орындаудан бас тартып, А.Болатқа қатысты ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған. Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының 2026 жылғы 23 маусымдағы қаулысымен А.Болат ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша кінәлі деп танылып, әкімшілік қамаққа алынған.

Осылайша, сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серік адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, алдау арқылы жәбірленуші А.Болаттың 1 000 000 теңге ақшасын жымқырған.

Ары қарай, Р.Н.Жакыпбековтың заңсыз талапты орындаудан бас тартуына наразы болған сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серік пайдакүнемдік ниетпен, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, полиция қызметкерінің қызметтік тәртіпті бұзу фактісін бейнежазбаға түсіріп, оны әлеуметтік желіде жариялаймыз деп қорқытып, мүлік және мүліктік сипаттағы әрекеттерді талап етуді жоспарлаған.

Осы жоспарды жүзеге асыру мақсатында сотталушы Ә.Е.Серік, Р.Н.Жакыпбековтың 2026 жылғы 22-23 маусымға қараған түнгі кезекшілікте №660 автоэкипажбен жүретінін біліп, оның артынан бақылап, 2026 жылғы 23 маусымда таңғы сағат 05:00 шамасында Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылында №660 қызметтік автокөлік ішінде ұйықтап жатқан полиция қызметкерлері Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбекті өзімен бірге болған, қылмыстық ниеттен хабарсыз Ә.М.Боранбаевқа бейнежазбаға түсірткен. Бейнежазба кейіннен А.М.Сайдахметовке жолданған.

2026 жылғы 24 маусымда сағат 20:00 шамасында А.М.Сайдахметов «WhatsApp» желісі арқылы аталған бейнежазбаны Р.Н.Жакыпбековке жолдап, бейнеқоңырау барысында бейнежазбаның А.Е.Балкыбаевтың парақшасында жариялануына көмектесетінін айтып, кездесуді ұсынған.

2026 жылғы 25 маусымда сағат 09:00 шамасында Ә.Е.Серік Шымкент қаласы, Жиделібайсын көшесі, №92 үйде орналасқан Шымкент қаласы ПД патрульдік полиция полкі ғимаратының алдында жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбеков және Қ.Қ.Алтынбекпен кездесіп, бейнежазбаны А.Е.Балкыбаевтың «Instagram» желісіндегі 148 мың жазылушысы бар «acko.balkybaev» парақшасында жариялау қатерін төндіріп, түскі уақытша дейін үлгерсе 200 000 теңге, одан кейін 1 000 000 теңге беруді талап еткен.

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

Сол күні сағат 11:00 шамасында қорқытудың шынайылығын көрсету мақсатында «acko.balkybaev» парақшасының 24-сағаттық бөлігіне (сторис) бейнежазбадан алынған жәбірленушілердің суреті «Екеуі бірден это как» деген мысқыл жазбамен жарияланған.

Өздерінің қадір-қасиеті мен қызметтік беделіне нұқсан келу қауіпін сезінген жәбірленушілер учаскелік полиция инспекторы Қ.Т.Астрахан арқылы А.Е.Балкыбаевпен байланысқан.

2026 жылғы 26 маусымда сағат 11:00 шамасында Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі, №88/1 үйде орналасқан «Oscar Clinic» емханасында Қ.Т.Астраханмен кездесу барысында А.Е.Балкыбаев жәбірленушілердің мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін бейнежазбаны жариялау қатерін төндіріп, 500 000 теңге беруді, сондай-ақ жәбірленушілердің қызметтік жағдайын пайдаланып, А.М.Сайдахметовтың танысы, мас күйде автокөлік басқарып ұсталған И.И.Турдыниязовты ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша жауаптылықтан заңсыз босатуға көмектесуді талап етіп, 2026 жылғы 1 шілдеге дейін мерзім берген.

Жәбірленушілердің арызы бойынша жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері барысында 2026 жылғы 1 шілдеде сағат 14:30 шамасында Қ.Т.Астрахан Шымкент қаласы, Темірлан тас жолындағы «Тұлпар 2030» базарының маңында А.Е.Балкыбаевтың нұсқауымен келген, қылмыстық ниеттен хабарсыз О.Юлдашевке 500 000 теңгені қолма-қол берген, ал сол күні сағат 23:30 шамасында А.Е.Балкыбаев Шымкент қаласы, Гагарин көшесінде О.Юлдашевтен аталған 500 000 теңгені алып, иемденген.

Осылайша, сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серік адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, жәбірленушілердің мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді тарату қатерін төндіріп, бөтеннің мүлкін беруді және мүліктік сипаттағы өзге де әрекеттер жасауды талап етіп, қорқытып алушылық жасаған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Басты сот талқылауында сотталушы А.Е.Балкыбаев тағылған айыппен келіспей, өз кінәсін ішінара мойындап, келесідей жауап берді. Ол екі полиция қызметкерін мүлдем танымайтының. Арада үш-төрт күн өткен соң, өзінің тұрғылықты мекенжайы бойынша учаскелік полиция қызметкері болып жұмыс істейтін, бұрыннан таныс Қайрат оған қоңырау шалып, екі полиция қызметкерінің ұйықтап жатқан видеосы туралы айтқанын. Қайрат видеоны жарияламауды өтінгенін. Ол кезде видеоны көрмегенін айтып, егер видеода учаскелік полиция қызметкері болса, мәселені тоқтатуға болатынын, ал егер жол-патрульдік полиция қызметкерлері болса, оны міндетті түрде жариялайтынын. Қайрат сол кезде ақша туралы ештеңе айтпағанын. Келесі күні, Ахметке қоңырау шалып, Алихандардың екі полиция қызметкерінің ұйықтап жатқан видеосын түсірген-түсірмегенін сұрағанын. Ахмет видеоны өзі түсірмегенін, оның Әліқазы телефонында бар екенін айтқан. Осыдан

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

кейін, Ә.Боранбаевқа қоңырау шалып, видеоны жіберуін сұраған. Видеоны алған соң, екі полиция қызметкерінің ұйықтап жатқан сәтін скриншот жасап, үстіне жазу жазып «acko.balkybaev» парақшасының 24-сағаттық бөлігіне (сторис) бейнежазбадан алынған жәбірленушілердің суреті «Екеуі бірден это как» деген мысқыл жазбамен жарияланғанын, ол парақшаға одан басқа адамдарда жария ете алатынын.

Айтуынша, ол видеоны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында міндетті түрде жариялайтынын бұрыннан айтқан. Скриншотты жариялағаннан кейін Қайрат оған Алихандардың ақша сұрағанын айтып, сол ақшаны алып қалуды және видеоны жарияламауды ұсынғанын. Кейін Қайратпен кездесуге келіскенімен, алғашқы белгіленген уақытта олар кездеспегенін. 26-сы күні көзін тексерту үшін «Оскар» клиникасына барған кезде Қайрат өзі қоңырау шалып, қай жерде екенін сұраған, оны шақырмағанын, ешкімді бопсалау немесе қорқыту ниеті болмағанын айтқан. Қайрат клиникаға келген соң, оны Елшібеков көшесі, 88/1 мекенжайына шақырып, сыртта сөйлескенін. Сол жерде бұрын қымызға қатысты 608-бап бойынша бір миллион теңге алынғанын, оның 500 000 теңгесі қайтарылғанын саусақпен көрсетіп түсіндіргенін. Сондай-ақ Ахметтің тағы бір інісі 608-бап бойынша ұсталғанын айтып, осы мәселені Ахметпен сөйлесуді ұсынған. Қайратпен сөйлескен кезде екі полиция қызметкерінің видеосы үшін Алихандардың ақша сұрағаны туралы әңгіме болғанын. Қайрат бірде 200 000 теңге, бірде бір миллион теңге, кейін 400 000 теңге туралы айтқанын. Сондай-ақ екі полиция қызметкерінің жұмыстан шығып қалуы мүмкін екенін айтып, мәселені шешу жолдарын ұсынған. Қайрат Алиханның сұраған ақшасын алып қалуды және мәселені келісіммен шешуді ұсынған. Бастапқыда бұған қарсы болғанымен, кейін Қайраттың ұсынысына байланысты ақша алуға қатысты ой пайда болғанын мойындағанын. Ақшаны сейсенбі күні дайындайтынын айтқан соң, сол күні байланысқа шығуға келіскенін. Екі полиция қызметкерін бұрыннан танымайтынын, оларды видеоға түсіруге ешкімге тапсырыс бермегенін және ешкімді видео арқылы бопсалауға тапсырма бермегенін. Оның айтуынша, тергеу барысында ғана екі полиция қызметкерінің қымыз ішкен адамдарды рәсімдеген қызметкерлер екенін түсінген. Қайраттың өзі келіп, осы мәселені бірнеше рет ұсынғанын, оның топтасы болғандықтан және капитанның қызметінен айырылып қалуы мүмкін екенін айтқандықтан, ақша алуға қатысты ойға келгенін көрсетті. Соттан өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

(файл 5241-26-00-1_1630_05102026150044_mix.mp4, уақыты 15:25:03-16:20:03)

Басты сот талқылауында сотталушы Ә.Е.Серік тағылған айыппен келіспей, өз кінәсін ішінара мойындап, келесідей жауап берді. Бильярд залына оны Балқыбаев Асхаттың шақырғанын, сол жерде А,Болаттың болғанын. А.Болаттың 608-бабы бойынша жауаптылыққа тартылғанын және алкогольдік масаң күй көрсеткіші 45-37 промилле болғанын. Осыған байланысты А.Болатқа адвокат жалдап, сотқа жүгінуге кеңес бергенін. Оның

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

айтуынша, мәселені қандай да бір жолмен шешіп беру туралы әңгіме болмаған, тек мәселенің адвокаттың көмегімен сотта қаралатыны айтылған. 300 000 теңге адвокаттың қызметіне төленуге тиіс ақша болғанын, А.Болатқа адвокаттар бар екенін айтқанын. Ақшаның бір бөлігін сол кезде алғанын, ал қалған бөлігі туралы хабарсыз екенін айтты. Кейін 69-мекемеден ақшаның қайтарылғанын естігенін. Бильярд залындағы кездесуге ғана қатысқанын, одан кейін аталған мәселеге араласпағанын. Бұдан бөлек, досымен бірге полк ғимаратының алдында айыппұл тұрағына қатысты құжатты алуға барғанын айтты. Түнгі уақытта такси жүргізушісі болып жұмыс істеп жүрген кезде Әліқазының оған хабарласып, тамақтануға шақырғанын және жолай алып кетуін сұрағанын. Жолда келе жатқанда Әліқазы одан тоқтауын сұраған, алайда ол біршама жерден өтіп барып тоқтағанын. Сол кезде, Руслан есімді қызметкер келіп амандасқан, кейін Әліқазы екеуінің арасында сөзге келу орын алған. Жанжалға араласпау үшін тамақтануға бара жатқанын айтып, сол жерден кетіп қалғанын. Аталған жерде одан ешқандай жауап алу жүргізілмегенін көрсетті. Видеоны өзі түсірмегенін, Әліқазыдан видеоны сұратпағанын және оның өзіне ешкім видео жібермегенін. Видеоны жариялау мүмкіндігі болмағанын, ал Әліқазының өзінің YouTube арнасы бар екенін. Балқыбаевтың Астраханмен сөйлескені туралы хабарсыз екенін, олардың арасында видео мен фотосуреттерге қатысты әңгіме болмағанын және видеоны Instagram әлеуметтік желісіне жариялағанын көрмегенін. Нақты күні есінде жоқ екенін, Астраханның оған телефон шалғанын. Сол кезде видеоға қатысты мәселеге араласа алмайтынын, видеоны Әліқазы есімді жігіт түсіргендіктен, онымен сөйлесу қажеттігін және өзінің аталған видеоға қатысы жоқ екенін, 2026 жылғы 25 маусымда сағат 09:00 шамасында Ә.Е.Серік Шымкент қаласы, Жиделібайсын көшесі, №92 үйде орналасқан Шымкент қаласы ПД патрульдік полиция полкі ғимаратының алдында жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбеков және Қ.Қ.Алтынбекпен кездеспегенін, оған қатысты ақтау үкімін шығаруды сұрады.

(файл 5241-26-00-1_1630_05102026150044_mix.mp4, уақыты 16:44:55-17:12:44)

Басты сот талқылауында сотталушы А.М.Сайдахметов тағылған айыппен келіспей, өз кінәсін ішінара мойындап, келесідей жауап берді. Балқыбаев Асхаттың жауабын қуаттайтынын. Асхатпен бірге вулканизацияға барғанын, сол жерде А.Болаттың мәселесіне байланысты 700 000 теңге алғанын, алайда мәселе шешілмегендіктен, аталған ақшаны қайтарғанын. Өз кінәсін мойындап, жасаған ісіне өкінетінін білдірді. Жакыпбеков пен Алтынбековке қатысты эпизод бойынша видеоны Әліқазыдан алып, Жакыпбековқа жібергенін. Видеода екі қызметкердің орындықтарды шалқайтып қойып, ұйықтап жатқаны, Алтынбековтің жолаушы орнында болғаны бейнеленгенін. Жакыпбековқа уайымдамауын, көмектесетінін және мәселені шешуге шамасы жететінін айтқанын. Гелиос жанармай құю бекетіндегі кездесу Русланның ұсынысы бойынша ұйымдастырылғанымен, оның жұмысқа байланысты келе алмағанын. Алайда 500 000 теңге алмағанын

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

және бұл әрекеттерден пайда көрмегенін айтып, ҚК-нің 194-бабы бойынша тағылған айыпты мойындамады. Тұрдиниязовқа қатысты бойынша Асхаттан мәселені шешуге көмектесуін өтінгенін, алайда бұл үшін ақша алмағанын және ешқандай пайда көрмегенін. Жакыпбековпен сөйлеспегенін, оған ешқандай тапсырма бермегенін және Балкыбаветың Instagram парақшасына қолжетімділігі жоқ екенін. Ә.Боранбаевқа қатысты эпизод бойынша онымен 5-6 жылдан бері дос екенін, Ә.Боранбаев 69-мекемеге келген кезде оған қысым көрсетілгенін, содан кейін арыз жазылған дегенін. Автомектеп сертификатын алу үшін 60 000 теңге алғанын, кейін ақшаны қайтарғанын және тараптардың татуласқанын айтып, осы эпизод бойынша кінәсін мойындайтынын. Ал ҚК-нің 194-бабы бойынша тағылған айыпты мойындамады. Қазіргі кезде өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұраған.

(файл 5241-26-00-1_1630_05102026150044_mix.mp4, уақыты 16:20:03-17:07:55)

Басты сот талқылауында жәбірленуші А.Болаттың келесідей жауаптары жарияланды, 2026 жылы 18 маусым өзінің басқаруындағы ақ түсті «Lada Granta» маркалы, мемлекеттік нөмірі 116 AUJ 17 автокөлігімен Шымкент қаласы, Б.Момышұлы даңғылындағы «Park View» мейрамханасының алдында полиция қызметкерлерімен тоқтатылғанын. Өзін Р.Жақыпбеков деп таныстырған полиция қызметкері оны алкогольдік ішімдік ішкен деген күдікпен Шымкент қаласының наркологиялық зерттеу орталығына жеткізген, қан үлгісін тапсырған, кейін полиция қызметкері зерттеу қорытындысы үш тәулік ішінде дайын болатынын айтып жіберген. 2026 жылы 19 маусымда болған оқиғаны досы Рашидке айтып, оның «Аско» есімді танысы бар екенін білгенін. Сол күні Рашидтің абоненттік нөмірі арқылы А.Е.Балқыбаевқа «WhatsApp» желісімен хабарласқан, соңғысы клубына шақырғанын. Аталған жерге келгенде А.Е.Балқыбаев, А.М.Сайдахметов және Ә.Е.Серік болған. Оларға болған жағдайды айтқанда, А.Е.Балқыбаев көмектесетінін және бұл үшін 1 000 000 теңге қажет екенін айтқанын. Алдын ала төлем ретінде ол өзімен бірге болған 300 000 теңгені қолма-қол бергенін. Ақшаны А.Е.Балқыбаев Ә.Е.Серікке алуды тапсырған, ол 300 000 теңгені А.Е.Балқыбаев пен А.М.Сайдахметовтың көзінше санап алғанын. 2026 жылы 22 маусымда оның абоненттік нөміріне А.М.Сайдахметов хабарласып, қалған 700 000 теңгені Шымкент қаласы, Темірлан тас жолы бойындағы «Автонұр» базарына алып келуді сұрағанын. Кездесу барысында А.М.Сайдахметов пен А.Е.Балқыбаев «BMW X5» маркалы, мемлекеттік нөмірі 007 ASK 07 автокөлігімен келген, олар автокөліктің дөңгелегін ауыстырып жатқан кезде ол 700 000 теңгені қолма-қол бергенін. Ақшаны алуды А.Е.Балқыбаев А.М.Сайдахметовке тапсырғанын. Сол күні сағат шамамен 15:00-де оның үйіне полиция қызметкері Р.Жақыпбеков келіп, наркологиялық зерттеу нәтижесінде жеңіл дәрежедегі масаңдық анықталғанын айтып, ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтыру үшін ППП ғимаратына баруды талап еткенін. ППП ғимаратына келгеннен кейін олардың артынан А.М.Сайдахметов те келген, оны бөлек бөлмеге алып кіріп, «Уайымдамай

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

барып келе бер, 1-2 күнде шығарып аламыз» дегенін. Кейін ол әкімшілік қамаққа алынған. Содан, 2026 жылы 7 шілдесінде 10 тәулік әкімшілік қамақтан шыққаннан кейін інісі А.Болат А.Е.Балқыбаевтан 500 000 теңге қолма-қол ақша қайтарып алғанын көрсетті.

(файл 5241-26-00-1_1630_05102026150044_mix.mp4, уақыты 16:44:55-17:12:44)

Басты сот талқылауында жәбірленуші Р.Н.Жакыпбеков келесідей жауап берді. 2026 маусым 17-27 аралығында сағат 00:40 шамасында Республика бойынша «Қауіпсіз көше» профилактикалық рейдтік іс-шарасы негізінде Шымкент қаласы, Б.Момышұлы даңғылы «Park View» ресторанының алдында ақ түсті, «Lada Granta» маркалы, мемлекеттік белгісі 116AUJ17 автокөлігі тоқтатылған, автокөлік жүргізушісі А.Болатқа ҚР ӘқбтК-нің 612-бабы 1-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырған, соңғының автокөлікті басқару барысында жеңіл хәлде алкогольді ішімдік қолданғаны анықталғанын оны наркологияға апарып, қан үлгісін алып, үйіне қайтып кеткенін. Кейіннен шақыртулары бойынша келмегенінен, оның тұрғылықты мекенжайына барғанын. Ол жерде А.Болат шығып ППП ғимаратына барудан бас тартып, өзінін ұялы телефонына бейне-қоңыраумен А.М.Сайдахметовпен сөйлестіріп, бұл менің інім, ол мәселені шешіп қойғанбыз деп айтқанына, заң бойынша тиісті шара қолданатынын түсіндіріп, А.Болатқа қатысты ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабы 1-бөлігімен әкімшілік хаттама толтырылғанын.

Содан, 2026 жылғы 23 маусымда сағат 20:00 мен 08:00 аралығында полиция аға лейтенанты А.Қ.Қуанышпен бірге Шымкент қаласы, Тұран ауданы бойынша кезекшілікке түскенін. Осы күні, сағат 05:00 шамасында белгіленген маршрутпен айналып келе жатқан кезде автокөліктің артынан «Toyota Camry» маркалы автокөлік қалмай келе жатқанын. Аталған автокөлікте кім екенін білу мақсатында Шымкент қаласы, Рысқұлов көшесінен Бәйдібек би даңғылына түскен болатынын. Аталған жол бір бағытты жол болғандықтан оң жақ бетке тоқтап, жаңағы автокөліктің жүргізушісінің кім екенін қарамақшы болғанда орындықты сәл артқа қарай төмен түсірген, сол уақытта аталған автокөліктің сол жақ жолаушы орындығынан оған бұрын соңды белгісіз болған, өзін «Али» деп таныстырған ер азамат қолына ұстаған ұялы телефонмен келіп: «Ұйықтап жатсыңдарма не істеп жатсыңдар» деп бейнекамераға түсіре бастағанын. Содан, 2026 жылғы 24 маусымда сағат 20:30 шамасында оның «Whats app» желісіне сол 2026 жылғы 23 маусымда түсірілген бейнежазба жолданғанын. Осы уақытта, ол туыстары және таныстарының алдында масқараланудан ұялып, ыңғайсызданып, аталған суретті өшіре алады ма деген ойымен бірге Қ.Астрахановқа «Whats app» желісі арқылы оның нөміріне хабарласып Алихан мен Ахметтермен сөйлесіп көруін сұраймын. 2026 жылғы 25 маусымда сағат 09:00 шамасында ППП алдында А.Е.Серік келіп: «Егер бейнежазбаларың жарияланғанын қаламасаң 1 000 000 теңге қоясың» деп, ал егер кәзір берсең 200 000 теңге деп талап еткенін. Содан арадан 2 сағат уақыт өтіп, «Instagramm» әлеуметтік желісінде «Acko.balkybayev» деген әлеуметтік

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

желіге оның және сол Қ.Алтынбек екеуінің 2026 жылғы 22 маусымдағы бейнежазбадан скриншотталған суреттері жарияланғанын. Содан, 2026 жылғы 26 маусымда сағат 10:30 шамасында Қ.Астраханов А.Балқыбаевпен хабарласып, екеуі кездесіп, ол жерде А.Балқыбаев А.Сайдахметовтың танысының ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабымен жауапкершілікке тартылып жатқан танысының мәселесін шешіп беруді, сонымен қатар үстінен 500 000 теңге ақашалай қаражат беруді, Қ.Астраханов одан егер олар оның талабын орындаса, барлығы бітеді ма деп сұрағанда ол бейнежазбаны өшіріп тастайтынын мәлімдегенін көрсетті.

(файл 5241-26-00-1_1630_16092026100255_mix.mp4, уақыты 10:28:51-11:12:50)

Басты сот талқылауында жәбірленуші Қ.Қ.Алтынбек жәбірленуші Р.Н.Жакыпбековтың жауабына мазмұндас жауап берді.

Басты сот талқылауында жәбірленуші Ә.М.Боранбаев келесідей жауап берді. 2025 жылдың қазан айында досы А.М.Сайдахметов оған жүргізуші куәлігін алу үшін оқитын сертификат істеп бере алатынын айтып, содан ол әрқайсысына 30 000 теңге ақшалай қаражаттан А.М.Сайдахметовке және істеп беруі үшін 60 000 теңге өзінің «Kaspi bank» АҚ есепшоты арқылы А.М.Сайдахметовке аударғанын. Ақшалай қаражатты А.М.Сайдахметов алғаннан кейін 75 күн ішінде сертификат дайын болатыны туралы айтқанын. Ол белгіленген уақытқа дейін күтіп, содан А.М.Сайдахметовен сұрағанда сертификат беретін танысының лицензиясын алып қойғанын айтып, кейіннен мүлдем одан қашып жүргенін. Осы орайда әйелі басқа мектепте оқып, өзінің сертификатын алып қойды, ал Қ.Құнанбаевқа ол өз қалтасынан 30 000 теңге ақшалай қаражатты қайтарып бергенін көрсетті.

(файл 5241-26-00-1_1630_16092026100255_mix.mp4, уақыты 11:16:50-11:36:14)

Куә Қ.Т.Астрахан сот отырысында, 2026 жылғы 24 маусымда А.Е.Балкыбаевқа хабарласқанда ол «ДПС қызметкері болса бейнені саламын» деп айтқанын, 2026 жылғы 26 маусымда «Oscar Clinic» емханасында кездескенде А.Е.Балкыбаев Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбектен 500 000 теңге және А.М.Сайдахметовтың туысын 608-бап бойынша жауаптылықтан босатуды талап еткенін, «500-ді туралап берсең, бейнені өшіреміз» деп айтқанын, 2026 жылғы 1 шілдеде А.Е.Балкыбаев «WhatsApp» арқылы нөмір жіберіп, ақшаны сол адамға беруді тапсырғанын, ол Орынбай (О.Юлдашев) деген жігітке 10 000 теңгелік купюралармен 500 000 теңгені бергенін көрсетті. Аталған жауаптар сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында Қ.Т.Астрахан мен А.Е.Балкыбаев арасында жүргізілген беттестіру хаттамасымен расталады.

(файл 5241-26-00-1_1630_01102026145750_mix.mp4, уақыты 15:09:50-16:20:14)

Куә О.Юлдашев сот отырысында, 2026 жылғы 1 шілдеде сағат 14:00 шамасында А.Е.Балкыбаев «WhatsApp» арқылы хабарласып, «біреу саған қарыз ақша тастап кетеді, соны алып қал» деп айтқанын, кейін полиция

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

қызметкері «Toyota Camry» автокөлігімен келіп, «Асқат ағайға бере салшы» деп 500 000 теңге бергенін, сол күні сағат 23:30 шамасында Гагарин көшесінде А.Е.Балкыбаев өзі келіп ақшаны алып кеткенін, бұрын оған мұндай тапсырма бермегенін көрсетті. Беттестіру хаттамасында А.Е.Балкыбаев О.Юлдашевтың жауабымен толық келісіп, 500 000 теңгені жалғыз өзі алып кеткенін, ақшаны «садақаға» бергенін көрсеткен.

(файл 5241-26-00-1_1630_01102026145750_mix.mp4, уақыты 16:35:27-16:40:10)

Куә Р.А.Абдулуакилхан сот отырысында А.Болаттың жауабымен мәндес берілген келесі жауаптары жарияланды, 2026 жылғы 19 маусымда бильярд клубында А.Болат А.Е.Балкыбаевтың айтуымен 10 000 теңгелік 30 дана купюрамен 300 000 теңгені Ә.Е.Серікке бергенін, Ә.Е.Серік ақшаны санап алғанын, 2026 жылғы 30 маусымда А.Е.Балкыбаев «Нұр Отан» ғимаратының артында 500 000 теңгені қайтарып, «қалғанын Амире шыққаннан кейін сөйлесеміз» деп айтқанын көрсетті.

Куә И.И.Турдыниязов сотқа дейінгі тергеп-тексеруде, 2026 жылғы 25 маусымда марихуана шекпегеніне қарамастан медициналық куәландыру нәтижесінде каннабиноид анықталғанын, 2026 жылғы 26 маусымда танысы Ахмадалиға (А.М.Сайдахметовке) хабарласып, жағдайын айтқанда, ол көмектесетінін, автокөлігін айып тұрағынан шығарып беретінін айтқанын, 2026 жылғы 2 шілдеде өзіне қатысты ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік қамақ қолданылғанын көрсеткен.

(файл 5241-26-00-1_1630_01102026145750_mix.mp4, уақыты 16:42:43-16:46:20)

Куә М.А.Жұмахан мен Қ.А.Құнанбаев сотқа дейінгі тергеп-тексеруде А.М.Сайдахметовтың сертификат жасап беремін деп уәде бергенін, алайда уәдесін орындамағанын, М.А.Жұмаханның кейіннен басқа автомектепте оқығанын көрсеткен.

Сотталушылардың кінәсі сот тергеуінде зерттелген іс құжаттарымен де расталады, атап айтқанда:

- жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбектің 2026 жылғы 29 маусымдағы арыздарымен, олардың негізінде СДТБТ-де №267900031000213 санымен ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаны;

- жәбірленушілер А.Болаттың, Ә.М.Боранбаевтың арыздарымен және олардың негізінде тіркелген №267900031000221, №267900031000224 қылмыстық істердің 2026 жылғы 14 тамызда бір іс жүргізуге біріктірілгені;

- 2026 жылғы 10 тамыздағы жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін зерттеу хаттамасымен, оған сәйкес 2026 жылғы 26 маусымдағы Қ.Т.Астрахан мен А.Е.Балкыбаев арасындағы әңгімеде А.Е.Балкыбаев бейнежазба мен суреттің жариялануын, «608-ді шешіп беру» мәселесін, «Ахметтің туысы» туралы мәселені талқылағаны («Кайреке бүйтіп айтқызғанызша Ахмет бір не айтыптыгой соны істеп бер деп соны істеп берсіңда ары қарай вообще теманы ұмытамыз»), 2026 жылғы 1 шілдедегі Қ.Т.Астрахан мен О.Юлдашев

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

арасындағы әңгімеде 500 000 теңгенің «Асекеңе» берілгені, сол күнгі А.Е.Балкыбаев пен Қ.Т.Астрахан арасындағы әңгімеде «бағана 500-ді тастап кеткенмін» деген сөздердің айтылғаны, 2026 жылғы 30 маусымдағы Р.Н.Жакыпбеков пен А.М.Сайдахметов арасындағы әңгімеде И.И.Турдыниязовтың әкімшілік материалына қатысты түсініктеме жазу мәселесі талқыланғаны тіркелген;

- №95 сот психологиялық-филологиялық сараптамасының қорытындысымен, оған сәйкес зерттеуге ұсынылған материалда коммуниканттар бір-біріне түсінікті тақырыпта әңгімелесіп тұр және әңгімеде жасырын мағына бар; Қ.Т.Астрахан мен А.Е.Балкыбаев арасындағы әңгімеде А.Е.Балкыбаевтың сөздерінде қандай да бір мәселені (ӘҚБтК-нің 608-бабы) шешіп беруге итермелеу, қандай да бір нәрсені беруге итермелеу, үшінші тұлғаға қандай да бір мәселені бітіріп беруге итермелеу туралы мағыналық компоненттер бар; ал Қ.Т.Астраханның және Р.Н.Жакыпбековтың сөздерінде ақша қаражатын талап етуге/беруге итермелеу (арандату) туралы мағыналық компоненттер жоқ;

- жәбірленуші Р.Н.Жакыпбековтың, куәлер Қ.Т.Астраханның, Р.А.Абдулуакилханның, жәбірленуші А.Болаттың, сотталушы А.М.Сайдахметовтың ұялы телефондарын қарап-тексеру хаттамаларымен;

- «Kaspi Bank» АҚ-ның анықтамаларын қарап-тексеру хаттамасымен, оған сәйкес Ә.М.Боранбаевтың есепшотынан А.М.Сайдахметовтың есепшотына 2025 жылғы 2 шілдеде және 20 қазанда 30 000 теңгеден аударымдар жасалғаны;

- ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша А.Болатқа қатысты әкімшілік іс құжаттарын қарап-тексеру хаттамасымен;

- жәбірленушілер А.Болат, Ә.М.Боранбаев, Р.Н.Жакыпбеков пен сотталушылар арасындағы, куәлер Қ.Т.Астрахан, О.Юлдашев, Р.А.Абдулуакилхан пен А.Е.Балкыбаев арасындағы беттестіру хаттамаларымен;

-сот тергеуінде куә Қ.Т.Астрахан ақ түсті Тойота Камри автокөлігінде куә О.Юлдашевқа 500 000 теңге ақшаны беріп, ол санап алғаны туралы бейнежазбасы зерделеніп, ол жерде ақшаны Асеке немесе Ахметке апарып беретінін, яғни А.Е.Балкыбаевқа немесе А.М.Сайдахметовке апаратынын мәлімдегенімен.

Сонымен қатар, куә Қ.Т.Астраханның мен А.Е.Балкыбаев арасында болған және бейнежазбада соңғысы біреуді дайындаймынғой деп жауап бергенімен.

- заттай дәлелдеме деп танылған бейнежазбалар мен жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері жазылған DVD-R дискілерімен, сондай-ақ істің басқа да материалдарымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы №6 «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының түсіндірмесіне сәйкес, алаяқтық жымқырылған мүлік алып қойылған және кінәлінің немесе басқа адамдардың заңсыз

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

иелігіне өткен және олар оны өз қалауы бойынша пайдалануға немесе билік етуге нақты мүмкіндік алған сәттен бастап аяқталды деп танылады. Сотталушылар жәбірленушілерге олардың орындауға құқығы да, мүмкіндігі де жоқ уәделер беріп, алдау арқылы ақша алған және оны өз қалаулары бойынша жұмсаған.

Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2026 жылғы 30 қазандағы қаулысымен Балкыбаев Аскат Еримбетович пен Серік Әлихан Ермаханұлына қатысты ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен қозғалған қылмыстық ісі сотталушылардың жәбірленуші А.Болатпен татуласуына, ал Сайдахметов Ахмадали Мухамадалиевичке қатысты ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық ісі сотталушының жәбірленуші А.А.Боранбаевпен татуласуына байланысты тоқтатылып, ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігіне сәйкес, сотталушылар қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Сот, сотталушы А.Е.Балкыбаевтың О.Юлдашев арқылы алған 500 000 теңге Қ.Т.Астраханның қарызын қайтаруы болды деген уәжін негізсіз деп бағалайды. Куә Қ.Т.Астрахан мұндай қарыздың болғанын жоққа шығарды, ал А.Е.Балкыбаевтың өзі беттестіру барысында қарызды қашан және қалай бергенін есіне түсіре алмаған. Бұл уәжі жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерімен, оның ішінде А.Е.Балкыбаевтың «бағана 500-ді тастап кеткенмін» деген сөздерге «ааа болды нормально» деп жауап беруімен, сондай-ақ №95 сараптама қорытындысымен толық жоққа шығарылады.

Сот, сотталушы А.М.Сайдахметовтың бейнежазбаны Р.Н.Жакыпбековке «абай болмайсың ба» деген мақсатта ғана жолдағаны, ақша талап етпегені туралы уәжін де қабылдамайды, себебі бейнежазба А.Е.Балкыбаевтың парақшасында жариялау қатерімен бірге жолданып, келесі күні Ә.Е.Серік ақша талап етіп, сол күні аталған парақшада жәбірленушілердің суреті жарияланған, ал 2026 жылғы 26 маусымда А.Е.Балкыбаев ақшамен қатар дәл А.М.Сайдахметовтың туысы И.И.Турдыниязовты әкімшілік жауаптылықтан босатуды талап еткен. Бұл мән-жайлар сотталушылардың әрекеттерінің біртұтас, келісілген, рөлдері алдын ала бөлінген сипатта болғанын көрсетеді.

Жәбірленуші А.Болаттың ақша беру уақыты мен орнына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі жауаптарындағы жекелеген айырмашылықтар оның жалпы 1 000 000 теңгені сотталушыларға бергені, оның 300 000 теңгесін Ә.Е.Серікке, 700 000 теңгесін А.М.Сайдахметовке А.Е.Балкыбаевтың нұсқауымен бергені туралы негізгі жауаптарына әсер етпейді, бұл мән-жайлар куә Р.А.Абдулуакилханның жауабымен, сондай-ақ А.Е.Балкыбаевтың кейіннен 500 000 теңгені қайтаруымен расталады.

Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері ҚПК-нің 231-бабының талаптарына сай жүргізіліп, тиісті тәртіппен ресімделген, ал №95 сараптама қорытындысы құзыретті сарапшымен ҚПК-нің 283-бабының талаптарына сәйкес берілген, сондықтан сот оларды жол берілетін дәлелдемелер деп таниды.

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

Сот отырысында қорғаушылар А.Г.Патсаханов пен Б.А.Шойбековтың өтінішхаты бойынша іс материалдарына «Сот сараптамасы және арнайы зерттеулер орталығы» ДК маманы А.А.Мирзаходжаевтың 2026 жылғы 30 қыркүйектегі №98 қорытындысы қосылды. Қорғау тарапы аталған қорытындыға сүйене отырып, «А» және «К» деп белгіленген коммуниканттар арасындағы әңгімеде «К»-ны қорқыту, одан ақша қаражатын талап ету, сондай-ақ «Алихан» есімді тұлғаның қорқытқандығы және ақша талап еткендігі туралы мағыналық компоненттер жоқ екенін, сондықтан сарапшы М.А.Мырзаеваның 2026 жылғы 20 тамыздағы №95 қорытындысы сотталушы А.Балкыбаевтың кінәсін растайтын дәлелдеме бола алмайтынын алға тартты. Сот аталған екі қорытындыны Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 24, 124 және 125-баптарының талаптарына сәйкес жан-жақты, толық және объективті зерттеп, олардың әрқайсысын іске қатыстылығы, жол берілетіндігі және анықтығы тұрғысынан, ал барлық дәлелдемелерді жиынтығында істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалай келе, мынадай тұжырымға келді.

ҚПК-нің 111-бабының 2-бөлігіне сәйкес сарапшының қорытындысы да, маманның қорытындысы да дәлелдемелердің көзі болып табылады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 26 қарашадағы №16 «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» нормативтік қаулысының 11 және 16-тармақтарында түсіндірілгендей, сарапшының қорытындысы да, маманның қорытындысы да басқа дәлелдемелерден қандай да бір артықшылыққа және алдын ала белгіленген күшке ие емес, олар істегі өзге дәлелдемелермен жиынтықта талдануға, салыстырылуға және бағалануға жатады. Аталған нормативтік қаулының 12-тармағына сәйкес сарапшы қорытындысын бағалау: зерттеуге ұсынылған объектілердің іске қатыстылығы мен жеткіліктілігін; зерттеудің толықтығын; қорытындының ғылыми негізделгендігін; зерттеуді жүргізген адамның құзыреттілігін және оның өз құзыреті шегінен шықпағанын; сараптаманы тағайындау мен жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заң талаптарының сақталғанын анықтаудан тұрады. ҚПК-нің 117-бабының 7-бөлігіне сәйкес маманның қорытындысы қылмыстық процесті жүргізуші орган үшін міндетті емес, алайда онымен келіспеу уәжді болуға тиіс.

Осы өлшемдер тұрғысынан алғанда, сарапшының 2026 жылғы 20 тамыздағы №95 қорытындысы іске қатысты, жол берілетін және анық дәлелдеме болып табылады. Сараптама Шымкент қаласы ПД Тергеу басқармасының аға тергеушісі Ж.Журабаеваның қаулысы негізінде, ҚПК-де белгіленген тәртіппен тағайындалған. Сараптаманы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 2016 жылғы 14 қазанда берген №16015777 лицензия негізінде әрекет ететін, жоғары филологиялық білімі, «Психологиялық-филологиялық сот сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сарапшысы біліктілігі және 2005 жылдан бергі сараптамалық өтілі бар сот сарапшысы М.А.Мырзаева жүргізген. Сарапшы көрінеу жалған қорытынды

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

бергені үшін ҚК-нің 420-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық туралы тиісінше ескертілген.

Зерттеу объектілері сарапшыға тергеушінің өзі қолма-қол, қапталған және ІІМ Шымкент қаласы ПД Жедел-криминалистикалық басқармасының «Пакеттер үшін №15» мөрімен мөрленген, бүтіндігі бұзылмаған күйде ұсынылған. Сарапшы жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері жазылған екі DVD-R дискідегі түпнұсқа аудио- және бейнефайлдарды («0626», «0701(2)» және т.б.), олардың көлемі мен бақылау сомаларын көрсете отырып, тікелей «hp» компьютері мен «A4TECH» құлаққабы арқылы тыңдап, қарап зерттеген. Зерттеу объектілерінің анықтығы мен жол берілетіндігіне ҚПК-нің 280-бабының 2-бөлігіне сәйкес сараптаманы тағайындаған орган кепілдік береді. Қорытындыда қолданылған ғылыми әдебиеттер мен әдістер (семантикалық-синтаксистік, функционалдық-прагматикалық, компоненттік, мәнмәтіндік талдау) көрсетілген, сарапшының алдына қойылған барлық бес сұраққа толық, нақты және дәлелді жауаптар берілген, зерттеу бөлімі мен тұжырымдар арасында қайшылық жоқ.

Атап айтқанда, сарапшы куә Қ.Астрахан («К») мен сотталушы А.Балкыбаев («А») арасындағы әңгімеде коммуниканттардың бір-біріне түсінікті, ортақ тақырыпта сөйлесіп тұрғанын және әңгімеде жасырын мағына бар екенін, А.Балкыбаевтың сөздерінде қандай да бір мәселені (ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабы бойынша) шешіп беруге итермелеу, қандай да бір нәрсені беруге итермелеу, үшінші тұлғаға қандай да бір мәселені бітіріп беруге итермелеу, сондай-ақ 608-бап бойынша шешу қажеттілігі туралы мағыналық компоненттер бар екенін анықтаған. Бұл тұжырымдар зерттеу бөлімінде нақты тілдік бірліктермен негізделген: «Кайреке бүйтіп айтқызғанызша Ахмет бір не айтыптығой соны істеп бер деп соны істеп берсінда ары қарай вообще теманы ұмытамыз», «анау 10 күнде шығып калады соны беру керек Кайреке», «Өзің бітіріп бер десей», «тағы бір 608 түскен олар Ахметтің туысқаны болып келеді», «соған шешіп берсін дейді Ахмет мен туысқанымнан өзім аламын дейді». Сонымен қатар сарапшы объективті түрде куә Қ.Астраханның сөздерінде А.Балкыбаевтан ақша қаражатын талап етуге/беруге итермелеу (провокация) туралы мағыналық компоненттердің жоқ екенін де көрсеткен, бұл сарапшының айыптау тарапына бейімділігінің жоқтығын және зерттеудің объективтілігін айғақтайды.

Ал маманның 2026 жылғы 30 қыркүйектегі №98 қорытындысын сот мынадай негіздер бойынша анық емес және сарапшының №95 қорытындысын теріске шығаратын дәлелдеме ретінде қабылдауға жатпайды деп таниды.

Біріншіден, №98 қорытынды сарапшы қорытындысы емес, ҚПК-нің 122-бабының 3-бөлігінде көзделген қорғаушының құқығын іске асыру тәртібімен, Шымкент қаласы адвокаттар алқасының адвокаттары А.Г.Патсаханов пен Б.А.Шойбековтың 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №13

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

адвокаттық сауалы негізінде, қорғау тарапының тапсырысымен алынған маманның қорытындысы болып табылады.

Сот сараптамасы ҚПК-де белгіленген тәртіппен тағайындалмаған, маманға зерттеу объектілерін қылмыстық процесті жүргізуші орган ұсынбаған, сұрақтарды да тек қорғау тарапы қойған. Мұндай қорытынды ҚПК-нің 111-бабына сәйкес дәлелдеме көзі бола алғанымен, сарапшы қорытындысына қатысты артықшылыққа ие емес және өз мазмұны бойынша сот сараптамасының қайталама немесе қосымша сараптама ретіндегі процестік мәнін алмастыра алмайды. Сарапшылардың қорытындылары арасында қайшылық болған жағдайда оны жою ҚПК-де белгіленген тәртіппен - қайталама сараптама тағайындау арқылы жүзеге асырылады (Жоғарғы Соттың №16 нормативтік қаулысының 5-тармағы).

Екіншіден, маман сараптама объектісінің түпнұсқасын - жасырын тергеу әрекеттерінің аудио-бейнежазбалары жазылған DVD-R дискілерді мүлдем зерттемеген. Қорытындының өзінде көрсетілгендей, маманға зерттеу үшін тек «20.08.2026ж. №95 сарапшы қорытындысының көшірмесі (14 бетте)» ұсынылған, ал зерттеу «PHILIPS» компьютерінде ғана жүргізілген. Яғни маман сарапшы М.А.Мырзаеваның өзі жасаған стенограмма мәтінін, оның көшірмесі бойынша, қайталап талдаумен шектелген. ҚПК-нің 117-бабы 3-бөлігінің 5) тармағы маман қорытындысында зерттеу объектілерін, олардың күйін, қапталуы мен мөрленуін көрсетуді талап етеді, алайда №98 қорытындыда мұндай мәліметтер жоқ, себебі түпнұсқа объектілер маманға ұсынылмаған. Ауызекі сөйлеуді психологиялық-филологиялық зерттеуде дауыс ырғағы, екпін, үзіліс, интонация, коммуниканттардың ым-ишарасы маңызды мәнге ие. Мәселен, стенограммада «А» коммуникантының «қолымен бір санын нұқып көрсетеді», «(1 санын көрсетеді)» деген бейнежазбадағы әрекеттері белгіленген, алайда маман бейнежазбаны көрмегендіктен бұл вербалды емес ақпаратты бағалай алмаған. Демек, маман зерттеуі Жоғарғы Соттың №16 нормативтік қаулысының 12-тармағының а) және б) тармақшаларында көзделген объектілердің жеткіліктілігі мен зерттеудің толықтығы талаптарына сәйкес келмейді.

Үшіншіден, №98 қорытынды №95 қорытындының тұжырымдарын мазмұны бойынша теріске шығармайды, себебі маманның алдына сарапшыға қойылған сұрақтардан өзгеше сұрақтар қойылған. Маманнан «К»-ны қорқыту, одан ақша қаражатын талап ету, сондай-ақ «Алихан» есімді тұлғаның қорқытуы мен ақша талап етуі туралы мағыналық компоненттердің бар-жоғы сұралған. Ал сарапшы М.А.Мырзаева қорқыту немесе «Алихан» есімді тұлғаның ақша талап етуі туралы тұжырым жасамаған; оның тұжырымдары А.Балкыбаевтың сөздерінде мәселені (ӘҚБТК-нің 608-бабы бойынша) шешіп беруге, қандай да бір нәрсені беруге, үшінші тұлғаға мәселені бітіріп беруге итермелеу туралы мағыналық компоненттердің бар екендігіне қатысты. Маман №95 қорытындының осы негізгі тұжырымдарын, сондай-ақ әңгімеде жасырын мағынаның бар екендігі туралы тұжырымын талдамаған және оларға баға бермеген. Осылайша, №98 қорытынды іс үшін

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

маңызы бар мән-жайларды растамайды да, теріске шығармайды да, сондықтан ҚПК-нің 125-бабының 3-бөлігі тұрғысынан сарапшының қорытындысын жоққа шығару үшін іске қатысты дәлелдеме бола алмайды.

Төртіншіден, №98 қорытындының зерттеу бөлімі мен тұжырымдары арасында ішкі қайшылық бар. Маман қорытындының теориялық бөлімінде менасивті сөйлеу актілері эксплицитті (тура) түрде ғана емес, имплицитті (жанама) түрде де берілетінін, жанама сөйлеу актісінде сөздердің алмастырылуы, әрекеттің эвфемикалық немесе метафорикалық сипаттамасы арқылы мағына жасырын берілетінін өзі көрсеткен. Алайда талдау бөлімінде маман тек «қорқытты», «өлтіремін деді», «зиян келтіремін деді», «ақша бермесең...» сияқты тікелей лексемалардың жоқтығына сүйеніп, жасырын және жанама мағыналарды зерттемей, өзі мәлімдеген әдістемеге қайшы тұжырым жасаған. Сонымен бірге маман диалогтың прагматикалық мазмұны «шешу», «шығару», «толықтыру», «беру», «10 күнге шығару», «608» ұғымдарының төңірегінде өрбитінін мойындап, бұл сөздердің нақты референті стенограммада жеткілікті нақтыланбағанын және оларды түсіндіру үшін «қосымша мәнмәтіндік дерек қажет» екенін өзі атап көрсеткен. Яғни маман нақты тұжырым жасау үшін деректердің жеткіліксіздігін өзі мойындай отырып, қойылған сұрақтарға санатты түрде теріс жауап берген. Мұндай тұжырым ғылыми тұрғыда негізделген деп танылмайды (Жоғарғы Соттың №16 нормативтік қаулысының 12-тармағының в) тармақшасы).

Бесіншіден, маман мән мәтіндік талдауды жүргізгенін көрсеткенімен, іс бойынша анықталған мән-жайларды - А.Балкыбаевтың ӘҚБТК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамның ісін «шешіп беру» мәселесін талқылағанын, «Ахмет», «Бекжан», «Кайреке» деп аталатын тұлғалардың әңгімедегі рөлін, «он күнде шығып калады соны беру керек», «жартысын Ахмет істеймін деді», «толтырып шығару керек» деген сөздердің өзара байланысын - кешенді түрде талдамаған. Маман әңгіменің жекелеген үзінділерін жалпы контекстен бөліп алып, оларды «белгілі бір мәселе бойынша сөйлесу, әрекет етуді немесе мәселені шешуге қатысуды» білдіреді деп қана сипаттаумен шектелген, бұл ретте осы «мәселені шешудің» мазмұны мен мақсатын ашпаған.

Алтыншыдан, №98 қорытындыда пайдаланылған әдебиеттердің бір бөлігі (Горбаневский М.В. «Памятка по вопросам назначения судебной лингвистической экспертизы», «Цена слова. Из практики лингвистических экспертиз текстов СМИ в судебных процессах по защите чести, достоинства и деловой репутации», Есенова Қ. «Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы») бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін және ар-намыс пен іскерлік беделді қорғау туралы дауларды зерттеуге арналған және жасырын тергеу әрекеттері барысында тіркелген ауызекі сөйлеуді зерттеу әдістемесіне тікелей қатысы жоқ.

Сарапшының №95 қорытындысындағы тұжырымдар істегі өзге дәлелдемелермен - куә Қ.Астраханның сотта берген айғақтарымен, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері туралы хаттамалармен, аудио-

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

бейнежазбаларды қарау хаттамаларымен, өзара сәйкес келеді және оларды толықтырады, ал маманның №98 қорытындысы істегі бірде-бір дәлелдememен расталмайды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, сот ҚПК-нің 25 және 125-баптарына сәйкес, заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып, ішкі сенімі бойынша сарапшы М.А.Мырзаеваның 2026 жылғы 20 тамыздағы №95 қорытындысын іске қатысты, жол берілетін және анық дәлелдеме ретінде таниды және оны үкімнің негізіне алады.

Ал маман А.А.Мирзаходжаевтың 2026 жылғы 30 қыркүйектегі №98 қорытындысын сот анық емес деп танып, сарапшының №95 қорытындысын теріске шығаратын дәлелдеме ретінде қабылдамайды, ал қорғау тарапының осы қорытындыға негізделген дәлелдерін сотталушының қылмыстық жауаптылықтан жалтару мақсатында ұсынылған қорғаныс тәсілі ретінде бағалайды.

Сотталушы Ә.Серіктің қорғаушылары Б.А.Шойбеков пен А.Г.Патсахановтың сотқа келтірген өтінішхатында іс материалдарында жедел уәкіл қызметкерлердің қатысуымен 500 000 тенге қаражат арнайы нөмірленіп, куә К.Астраханға табысталғаны құжаттандырылғанымен, аталған қаражат сотталушы А.Балкыбаевтан алынбаған, яғни аталған қаражат табылмағандықтан 500 000 тенгенің құжаттандырылуы мен берілуін дәлелдемелер қатарынан алып тастауды сұраған.

Сот аталған өтінішхат қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады деп есептейді, себебі іс құжаттарында, атап айтқанда Арнайы құралдарды беру және хаттамаларына сай, осы қылмыстық іске жедел ендірілген полиция капитаны Қ.Астраханға «Nomad» және «МД-2» арнайы құралдары, «Софари» және «Freedom» арнайы жедел тергеу әрекеттерін жүргізу үшін беріліп, алынған. (5-бума, і.б.168-171) Ақшаны қарау және беру туралы хаттамаға сай, куә Қ.Астраханға 500 000 (бес жүз мың) теңге құжаттандырылып, берілген.(5-бума, і.б. 172-173)

Аталған әрекеттерді сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы заң талаптарына сай жүргізген және олар соттың күмәнін тудырмайды.

Куә О.Юлдашевтің, куә Қ.Астраханның жауаптарымен, соңғының сотталушы А.Балкыбаевтың айтуы бойынша куә О.Юлдашевқа 500 000 теңгені апарып бергені, ал соңғының полиция қызметкерінен, яғни Қ.Астраханнан 500 000 теңгені алғаны расталып, бекітіледі. Бұл ретте, сотталушы А.Балкыбаевтың өзі куә полиция капитаны Қ.Астраханның куә О.Юлдашевқа апарып берген 500 000 теңгені алып кеткенін жоққа шығармайды, алайда ол ақша қаражатының өзінде болмау себебін оны садақа ретінде көше сыпыратын адамға бергенімен айғақтаған.

Алайда, сотталушы А.Балкыбаевтың бұл уәжі жәбірленуші А.Болаттың жауабымен, яғни ол 2026 жылы 7 шілдесінде 10 тәулік әкімшілік қамақтан шыққаннан кейін інісі А.Болат куә Р.Абдулуакилхамен бірге А.Е.Балқыбаевтан 500 000 теңге қолма-қол ақша қайтарып алғаны туралы жауаптарымен теріске шығарылады. (3-бума, і.б.124-129)

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

Жәбірленуші А.Болаттың бұл жауаптары куә Р.Абдулуакилханның жауаптарымен толық расталып бекітіледі. (4-бума, і.б.95-99)

Бұл ретте, сотталушы А.Балкыбаевтың полиция қызметкерімен тиісті түрде құжаттандырылып берілген 500 000 теңге ақша қаражатын алғаны сот тергеуінде зерттелген жоғарыда көрсетілген дәлелдемелермен расталып бекітіледі, яғни ақша қаражатының сотталушы А.Балкыбаевтан алынбағаны немесе табылмағаны, 500 000 тенгенің құжаттандырылуы мен берілуін дәлелдемелер қатарынан алып тастау үшін негіз болып табылмайды.

Қорғаушылар Б.А.Шойбеков пен А.Г.Патсахановтың 30.06.2026ж. арнайы іс шара барысында жәбірленуші Р.Жақыпбековтың сотталушы А.Сайдахметовты видео таспаға түсірген 3-бейне таспа дәлелдемелер қатарына қосуға жарамсыз деп тану туралы өтініші төмендегі негіздермен қанағаттандырылуға жатпайды.

«Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Ресупбликасы Жоғарғы Сотының Нормативтік Қаулысының (бұдан әрі - Нормативтік қаулы) 23-1-тармағына сай, жедел тергеу әрекеттері (бұдан әрі - ЖТӘ) қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу шеңберінде ғана жүргізіледі. Сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін ЖТӘ жүргізуге жол берілмейтіндігі көзделген.

Іс құжаттарына қарағанда, сотталушылар А.Балкыбаевқа, А.Серік пен А.Сайдахметовқа қатысты қылмыстық іс 29.06.2026ж. қозғалып, сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген.

Арнайы құралдарды беру және алу хаттамаларына сай, қозғалған қылмыстық істің шеңберінде 30.06.2026 жылы жәбірленуші Р.Жакыпбековке «Софари НД» және «Freedom» арнайы құралдары ЖТӘ жүргізу үшін беріліп, алынғаны құжаттандырылған. Яғни, жәбірленуші Р.Жакыпбековпен түсірілген бейнетаспалар жоғарыда көрсетілген қаулының талаптары сақтала отырып жүргізілген. (5-бума, і.б.166-167)

Қорғаушылар Б.А.Шойбеков пен А.Г.Патсахановтың куә А.Боранбаевтың видеотаспаны А.Серіктің айтуымен түсірілді деген жауабының ешқандай дәлелі болмауына орай оны дәлелдемелер қатарынан шығарып тастау туралы өтінішхатын сот негізсіз деп есептейді, себебі куә А.Боранбаев сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде және сот тергеуі кезінде де біркелкі жауаптар беріп, онда «Ә.Серік өзінің ұялы телефонының қуаты өшіріліп жатқанын айтып, мыналарды түсіріп алшы»,-деп айтқан соң №660 автоэкипажында отырған полиция қызметкерлерін бейнетаспаға түсіргенін, сол күні аталған бейнежазбаны Ә.Серіктің ұялы телефонына жолдамақ болғанда, оның ұялы телефоны өшірулі болғандықтан, сотталушы А.Сайдахметовке хабарласып, Ә.Серіктің бейнетаспасын соған жіберетінін айтып, жолдағанын көрсеткен.

Жоғарыда көрсетілген Нормативтік қаулының 2-тармағына сай, қылмыстық істің дұрыс шешілуі күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғауға құқығы бар куәнің айғақтарымен,

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

сарапшының қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, іс жүргізу әрекеттерінің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен анықталған іс жүзіндегі деректерге ғана негізделуі тиіс.

Аталған Қаулының 13-тармағына сай, куәнің айғақтарын бағалау оларды істің мән-жайын нанымды бейнелейтін фактілер туралы айқын мәліметтерді анықтау мақсатында талдауды білдіреді.

Сот куәлардың іс жүзіндегі бір мән-жайлар жөнінде қарама-қайшы айғақтарын бағалай отырып, басқа дәлелдемелердің, айғақтардың өзіндегі қарама-қайшылықтарды талдаудың көмегімен, бірі қабылданып, келесілері шындыққа сәйкес келмеуі салдарынан теріске шығарылған дәлелдемелердің уәждерін сот актісінде көрсетіп, оларды шешуі тиіс.

Осы ретте, сот аталған қорғаушылардың айыптаудың видеотаспаны А.Е.Серік түсірген деген бөлігін заңсыз деп тану туралы өтінішхаты да жоғарыда көрсетілген куә А.Боранбаевтың жауабы негізінде қанағаттандырылуға жатпайды деген қорытындыға келеді.

Аталған қорғаушылардың «сотталушы Ә.Серіктің Патрульдік полиция полкі алдында жәбірленуші Р.Жақыпбековпен жалғыз өзі кездескенін көрсетуіне, ал жәбірленушілер Р.Жакыпбеков пен Қ.Алтынбектің жауаптары бір-біріне қайшы келуіне және олар ешбір дәлелдермен бекітілмейтіне байланысты, айыптаудың сотталушы Ә.Серік Шымкент қаласының Полиция департаменті Патрульдік полиция полкінің ғимаратының алдында жәбірленушілер Р.Жакыпбеков және Қ.Алтынбекпен жолығып, кездесу барысында аталған бейнежазбаны күдікті А.Балкыбаевтың «Instagram» желісіндегі 148 мың жазылушысы бар «acko.balkybaev» парақшасына жариялау қаупін төндіріп, 1 000 000 теңге ақша талап еткен деген бөлігін заңсыз деп тану туралы» өтінішхатын сот негізсіз деп есептейді, себебі жәбірленушілер 29.06.2026 жылы Шымкент қалалық Полиция департаментіне сотталушылардың оларға қатысты бейнежазбаны әлеументтік желіде жариялау қаупін төндіріп, 1 000 000 теңге қаражатын талап еткені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуды сұрап, арызданған.

Жәбірленушілер Р.Жакыпбеков пен Қ.Алтынбек сотқа дейінгі тергеп тексеру және сот тергеуі кезінде 25.06.2026 жылы сағат 09-00-де түнгі кезекшіліктен шығып бара жатқанда Патрульдік полиция полкінің ғимаратының алдында аты-жөні кейін болған сотталушы Ә.Серік оларға «егер бейнежазбаларың жарияланғанын қаламасаңдар 1 000 000 теңге қоясындар, ал егер кәзір берсең 200 000 теңге» деп біркелкі жауаптар берген. Жәбірленушілердің бұл жауаптары істегі дәлелдемелер жиынтығымен толық үйлеседі және сот оларға күмән келтіруге, оларды заңсыз деп тануға қылмыстық заңда көзделген негіздер жоқ деп есептейді.

Қорғаушылардың куә К.Астраханның жедел іздестіру шараларына қатысып, 26.06.2026ж. А.Балкыбаевпен кездескені, оның сөздерін видеотаспаға жазылғаны, аталған кездесу барысында жазылған дыбыс жазбасының стенограммасы арнайы маманмен жазылмағанын, сот-фонографиялық сараптамасы тағайындалмағанын, сөйлеген адамдардың

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

даусы нақты айқындалмағанын, сот-психолого-филологиялық сараптамаға берілген сөйлесу мәтіні кіммен жазылғаны белгісіз екенін, яғни аталған сараптамаға ұсынылған сөйлесу мәтінінің шығу тегі және алыну тәсілі белгісіз болғандықтан оны дәлелдеме қатарынан алып тастау туралы өтінішін сот негізсіз деп есептейді, себебі бұл мән-жайлар №95 сот психологиялық-филологиялық сараптамасының қорытындысымен және Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесін зерттеу туралы хаттамасымен де жоққа шығарылады. (4-бума, і.б.1-31)

Одан бөлек, жоғарыда көрсетілгендей, сот аталған №95 сот сараптама қорытындысы іске қатысты, жол берілетін және анық дәлелдеме ретінде таныды және оны үкімнің негізіне алды.

Қорғаушылардың куә Қ.Астрахан жедел-іздестіру іс-шараларына келісімін бермеген деген уәждерін сот негізсіз деп есептейді, себебі полиция капитаны Қ.Астрахан өзінің қызметтік міндетіне сай, кез келген қылмыстың алдын алуға, жолын кесуге тікелей міндетті, сол себепті оның жедел-іздестіру іс-шараларына қатысуға келісімі қажет етілмейді.

Одан бөлек, жоғарыда көрсетілген Нормативтік қаулының ҚПК-нің 231-бабының 1) тармағында көзделген ЖТӘ-ні жүргізу (адамды немесе орынды жасырын аудио-және (немесе) бейнебақылау) қатаң ҚПК-нің 242-бабына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. ЖТӘ-нің осы түрін жүргізу кезінде қылмыстық әрекетті имитациялайтын мінез-құлыққа не басқа адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндіруге (арандатуға) жол берілмейді. Бұл ретте жасырын енгізу және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау түріндегі ЖТӘ-ні көздейтін ҚПК-нің 231-бабының 10) тармағы және 251-бабы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI Заңымен ҚПК-ден алып тасталғанын ескеру қажет.

Яғни, ҚПК-нің 231-бабындағы жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялауды көздейтін 10) тармақша алынып тасталған.

Қорғаушылардың жәбірленуші Р.Жакыпбековтың жауабының іс материалдарымен негізін таппауына орай оны дәлелдеме қатарынан алып тастау туралы өтінішін сот қанағаттандырусыз қалдырады, себебі жоғарыда көрсетілгендей, Р.Жакыпбековтің жауабы іс құжаттары бойынша жинақталған дәлелдемелер жиынтығымен толық сәйкес келеді және расталады.

Қорғаушылардың О.Юлдашев қатысты кезек күттірмейтін жасырын тергеу әрекеті заңда көзделген тәртіп пен қағидаларды бұза отырып шығарылғандықтан оны дәлелдемелер қатарынан алып тастау туралы өтінішін сот төмендегілерге сай, негізсіз деп есептейді.

ҚПК 235-бабына сай, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, тергеу судьясын жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып және санкцияны кейіннен осы Кодекстің 234-бабында көзделген тәртіппен ала отырып, осы Кодекстің 232-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге жол беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

ҚПК 264-бабына сай, жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы шығарылғанынан кейін жиырма төрт сағат ішінде көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге тергеу судьясына ұсынылады. Жасырын тергеу әрекетін санкциялау тиісті қаулы сотқа келіп түскен кезден бастап он екі сағат ішінде жүргізіледі.

Іс құжаттарына қарағанда, О.Юлдашевқа қатысты «Адамды немесе орынды жасырын аудио және бейнебақылау жүргізуді кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда өткізу туралы қаулысы» Шымкент қаласы Полиция департаментінің Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының №42-1/545қ санды шығыс хатымен 01.07.2026 жылғы жолданған, алайда аталған қаулыны Шымкент қаласының мамандандырылған тергеу соты 03.07.2026 жылы санкциялаған. (5-бума, і.б.164)

Бұл ретте, сот «Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №5 Нормативтік қаулысының 19-тармағындағы талаптар сақталған деп табады.

Істің мұндай тұрғысында, сот куә О.Юлдашевтің жауаптарын және жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесін зерттеу туралы хаттамасын негізге алып, аталған күәға қатысты жасырын тергеу әрекеті түңгі уақытта, яғни 01.07.2026 жылғы сағат 23:30 шамасында орын алғандықтан аталған қаулы тергеу сотына заңда көзделген мерзім мен тәртіпте жолданып, санкцияланған деп есептейді.

Қорғаушылардың айыптау актісіндегі А.Серікке видеоны түсірген, видеоны жолдаған, видеоны көрген, А.Балкыбаевпен сөз байласқан, инстаграмға фотоны жүктеген, сотталушылармен өзара келісіп, сөз байласқан деген бөлігі ешқандай дәлелдермен өз негізін таппауына байланысты айыптаудың А.Серікке қатысты бөлігі негізсіз деп тану, айыптаудың «25.06.2026ж. инстаграмм желісіндегі «Аско.Балқыбаев» парақшасында 24-сағат сақталатын сторис бөлігіне жәбірленушілер Қ.Алтынбек пен Р.Жақыпбековтің фотосын скриншоттап сотталушылар А.Е.Балқыбаев, А.М.Сайдахметов және А.Е.Серік бірге жариялаған» деген бөлігін заңсыз деп тану туралы өтінішхаттарын сот қанағаттандырудан бас тартады, себебі жоғарыда көрсетілгендей, А.Серіктің адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жәбірленушілер Р.Жакыпбеков пен Қ.Алтынбекке қатысты жасаған қылмыстық іс-әрекеттерге қатыстылығы соңғылардың, куә А.Боранбаевтың, К.Астраханның жауаптарымен, сонымен қатар істегі жинақталған дәлелдемелер жиынтығымен расталып, бекітіледі.

Қорғаушылардың арнайы іс шара барысында дәлелдемелер мен жедел іздестіру материалдарын фальсификациялағаны жедел уәкілдер мен Р.Жақыпбековты ҚР ҚК 416-бабы 3-бөлігімен және ҚР ҚК 362-бабы 4-бөлігімен қылмыстық іс қозғау үшін жеке қаулы шығару туралы өтініші де қанағаттандырылуға жатпайды, себебі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмыстық істер бойынша жекеше қаулылар шығару практикасы туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11 нормативтік

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

қаулысының 4-тармағына сай, ҚПК-нің 23-бабының бесінші бөлігіне сәйкес сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа, қандай да болсын мүдделерді білдірмейді, сондықтан, егер қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар лауазымды адамның немесе қылмыс белгілері бар өзге адамның әрекетінің не әрекетсіздігінің салдары болып табылса, ол жекеше қаулыда оларды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселе көтеруге құқылы емес, тек осы фактіні құзыретті органдардың назарына жеткізе алатындығы қарастырылған.

Сол себепті, сот жедел уәкіл мен жәбірленуші Р.Жакыпбековке қатысты жеке қаулы шығаруға құқықтық негіздер жоқ есептейді.

Қорғаушылардың өз тарапынан ұсынылған сот психолого-филологиялық сараптамасына сай, айыптау актісіндегі А.Серіктің қорқытып қаражат талап ету дерегі бойынша тағылған айыптың заңсыздығына орай, істі қысқарту туралы уәжін сот негізсіз деп есептейді, себебі жоғарыда көрсетілгендей, істегі жинақталған дәлелдемелер жиынтығымен айыптаудағы А.Серіктің қорқытып, қаражат талап ету фактісі толық өз дәлелін табады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2006 жылғы 23 маусымдағы нормативтік қаулысына сай, қорқытып алушылық жәбірленушіге қорқыту арқылы мүліктік талап қойылған сәттен бастап, кінәлі адамның қалаған мақсатына жеткеніне-жетпегеніне қарамастан аяқталған болып есептеледі. Таратамын деп қорқытылған мәліметтердің шындыққа сәйкес келу-келмеуі маңызды еместігі қарастырылған.

Полиция қызметкерлерінің кезекшілік кезінде қызметтік автокөлікте ұйықтап жатқан бейнежазбасын 148 мың жазылушысы бар парақшада жариялау олардың қызметтік беделіне нұқсан келтіріп, тәртіптік жауаптылыққа әкелуі мүмкін болғандықтан, мұндай мәліметтер жәбірленушілердің мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін мәліметтерге жатады.

Сотталушылардың әрекеттері алдын ала, қылмыстық құқық бұзушылық басталғанға дейін сөз байласу арқылы, бірлескен, келісілген түрде, әрқайсысының рөлі бөлініп жасалған: А.Е.Балкыбаев өзінің танымалдығын пайдаланып, қылмыстық әрекеттерді ұйымдастырған және ақшаны алған, А.М.Сайдахметов жәбірленушілермен байланыс жасап, ақшаны алған және бейнежазбаны жолдаған, Ә.Е.Серік бейнежазбаны түсіруді ұйымдастырған және жәбірленушілерден тікелей ақша талап еткен.

Сондықтан сот тергеуінде зерттелген және іс құжаттарымен бекітілген мән-жайларға тиісті құқықтық баға бере отырып, сот сотталушылардың айыбына тағылған «адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен» деген саралау белгісі өз дәлелін тапты деген қорытындыға келеді.

Сот, осы іс бойынша жәбірленуші Р.Н.Жакыпбеков, автокөлікті масаң күйде басқарғаны үшін куә А.Болатты, А.М.Сайдахметовпен бейне-қоңырау

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

арқылы сөйлесіп, бұл менің інім, ол мәселені шешіп қойғанбыз деп айтқанына, заң бойынша тиісті шара қолданғанына, аталған бейне жазба түсірілген және оны ары қарай таратпау үшін ақша талап еткен және басқа тұлғаға қатысты әкімшілік жазадан босатылуын жасатқысы келген және өздерінің пайдасына ақша талап еткен деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 «Қорқытып алушылық туралы» нормативтік қаулысына сәйкес, қорқытып алушылық жәбірленушіге қорқыту арқылы мүліктік талап қойылған сәттен бастап, кінәлі адамның қалаған мақсатына жеткеніне-жетпегеніне қарамастан аяқталған болып есептеледі. Таратамын деп қорқытылған мәліметтердің шындыққа сәйкес келу-келмеуі маңызды емес. Полиция қызметкерлерінің кезекшілік кезінде қызметтік автокөлікте ұйықтап жатқан бейнежазбасын 148 мың жазылушысы бар парақшада жариялау олардың қызметтік беделіне нұқсан келтіріп, тәртіптік жауаптылыққа әкелуі мүмкін болғандықтан, мұндай мәліметтер жәбірленушілердің мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін мәліметтерге жатады.

Сотталушылардың әрекеттері алдын ала, қылмыстық құқық бұзушылық басталғанға дейін сөз байласу арқылы, бірлескен, келісілген түрде, әрқайсысының рөлі бөлініп жасалған: А.Е.Балкыбаев өзінің танымалдығын пайдаланып, қылмыстық әрекеттерді ұйымдастырған және ақшаны алған, А.М.Сайдахметов жәбірленушілермен байланыс жасап, ақшаны алған және бейнежазбаны жолдаған, Ә.Е.Серік бейнежазбаны түсіруді ұйымдастырған, ақша алған және жәбірленушілерге тікелей ақша талап еткен. Сондықтан «адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен» деген саралау белгісі өз дәлелін тапты.

Алдын ала тергеу барысында сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серік жауап беруден бас тартты, сондықтан ол жауаптар зерделенбей, тек сот отырысындағы жауаптарға баға берілді.

Жәбірленушілер Қ.Қ.Алтынбек пен Р.Н.Жақыпбеков дәлелдемелерді ұсыну құқығын пайдаланып, сотқа оларға жолданған бейне жазбаны ұсынды, аталған бейнежазба сот отырысында зерделеніп, ол жерде жәбірленушілер 2026 жылғы 23 маусымда таңғы сағат 05:00 шамасында Шымкент қаласы, Бәйдібек би даңғылында №660 қызметтік автокөлік ішіндегі және сол бейнежазба үшін ақша берілгені анықталды.

Ол бейнежазбаны сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серік растады.

Іс бойынша жиналған, сот тергеуінде жан-жақты, толық және объективті зерттелген жоғарыдағы дәлелдемелерді сот қатыстылық, жол берілетіндік және анықтық тұрғысынан бағалап, олардың жиынтығын айыптау үкімін шығару үшін жеткілікті деп санайды.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, сотталушы А.Е.Балкыбаевтың, Ә.Е.Серіктің, А.М.Сайдахметовтың қылмыстық іс әрекеттерін ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағымен - қорқытып алушылық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, жәбірленушінің мүдделеріне елеулі

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді тарату қатерін төндіріп, бөтеннің мүлкін беруді және мүліктік сипаттағы өзге де әрекеттер жасауды талап ету деп сараланууға жатады.

Сотталушылар А.Е.Балкыбаев пен Ә.Е.Серікке қатысты ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен қылмыстық іс қаулымен тоқтатылған, ал А.М.Сайдахметовтың іс әрекеттері ҚК-нің 190-бабы 3-бөлігінің 4) тармағынан ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігіне қайта сараланып, қылмыстық жауаптылықтан босатылған.

Сотталушы А.М.Сайдахметовтың қылмыстық іс әрекеттері ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен - алаяқтық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен алдау жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру деп сараланууға жатады.

ҚК-нің 11-бабына сәйкес, ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен көзделген қылмыс орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатады.

Жоғарыда айтылғандардан, егер адам бірнеше рет алаяқтық эпизодтарын жасаса, олардың бірінші эпизоды бойынша татуласу сәтсіз болған жағдайда ғана айыптаудың екінші және одан кейінгі эпизодтары бойынша босату алынып тасталады. Өйткені айыптауда қылмыстың бірнеше рет жасалуы сақталады және саралау кезінде ауыр санаттағы қылмыстық іс әрекеттерге жатады.

Жәбірленуші А.Болаттан сотталушы А.Сайдахметовке қатысты қылмыстық істі өзара татуласуына байланысты тоқтату туралы арызы келіп түсті.

Бұл ретте, сотталушы А.Сайдахметовтің жәбірленуші А.Боранбаевқа қатысты көрінісі бойынша іс-әрекеті ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен сараланууына және бұл көрініс ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігіне сай, қылмыстық істің тоқтатылуына және жауапкершіліктен босатылуына байланысты, оның әрекетінен «бірнеше рет» саралау белгісі алып тасталатындықтан, сот оның жәбірленуші А.Болатқа қатысты іс-әрекетін ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен, яғни адамдар тобының алдын-ала сөз байласуымен жәбірленушіні алдау арқылы, бөтеннің мүлкін құқықтық иемдену бойынша саралайды.

ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағында көзделген құқық бұзушылық ҚК-нің 11-бабының 3-бөлігіне сай, ауырлығы орташа қылмыстар санатына жатады.

Сот отырысында сотталушы А.Сайдахметовтің өз айыбын толығымен мойындап, шын жүректен өкінетінін, жасаған әрекеттері ауырлығы орташа қылмыстар санатына жататыны, жәбірленуші А.Болатпен татуласқаны, оған келтірілген зиянды толық және жеткілікті мөлшерде қалпына келтіргені анықталды.

Сол себепті, сотталушы А.Сайдахметовке қатысты ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен қозғалған ісі оның жәбірленуші А.Болатпен татуласуына, келтірілген материалдық шығынның орны толық өтелуіне байланысты сотталушы ҚК-нің 68-бабы 1-бөлігі негізінде жауаптылықтан

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

босатылып, оған қатысты қылмыстық істі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік Кодексінің (әрі қарай-ҚПК) 35-бабы 1-бөлігі 12-тармағына сәйкес, тоқтатылуға жатады деп есептейді.

Сот, ҚК-нің 52-бабына сәйкес сотталушыларға жаза тағайындау кезінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, олардың меншікке қарсы бағытталғанын және санатын, қылмысқа әрқайсысының қатысу сипаты мен дәрежесін, сотталушылардың жеке басын сипаттайтын деректерді, сондай-ақ тағайындалған жазаның олардың түзелуіне және отбасыларының тұрмыс жағдайына ықпалын ескереді.

Сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серік бұрын сотты болмаған, тұрғылықты жерлері бойынша психиатриялық және наркологиялық диспансерлерде есепте тұрмайды.

ҚК-нің 53-бабына сәйкес сотталушылардың әрқайсысының қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жай ретінде олардың қарамағында жас балаларының болуын таниды.

ҚК-нің 54-бабында көзделген қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар анықталмады.

Істің мән-жайларын, жасалған қылмыстардың қоғамдық қауіптілігін, олардың полиция қызметкерлерінің заңды қызметіне ықпал етуге бағытталғанын ескере отырып, сот сотталушылардың түзелуі қоғамнан оқшаулаумен ғана мүмкін деп санап, оларға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындауды қажет деп табады.

Сотталушыларға ҚК-нің 55-бабы 4-бөлігін, 63-бабын қолдануға, сондай-ақ оларды ҚК-нің 65-68-баптары бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз жоқ. Жәбірленушілермен татуласу болмағандықтан және қорқытып алушылық ауыр қылмыс болғандықтан, ҚК-нің 68-бабын қолдануға негіз жоқ.

ҚК-нің 46-бабы 4-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, ауыр қылмыс жасағаны үшін бұрын бас бостандығынан айыруды өтемеген сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серікке жазаны өтеу орташа қауіпсіздік мекемесінде белгіленеді.

ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің санкциясында мүлікті тәркілеу көзделгенімен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында да, басты сот талқылауында да сотталушылардың қылмыстық жолмен алынған мүлкі, сондай-ақ ҚК-нің 48-бабына сәйкес тәркіленуге жататын өзге мүлкі анықталмағандықтан, сот мүлікті тәркілеуді қолданбайды.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес сотталушылардың 2026 жылғы 2 шілдеден үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұсталған уақыты орташа қауіпсіздік мекемесінде жазаны өтеудің бір жарым күні үшін бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылуға тиіс.

ҚК-нің 50-бабы 3-бөлігі талабына сай, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

Сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серік өзінің осы жоғарыда аталған қылмыстық әрекетін «YouTube», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде «acko.balkybaev» парақшасын жүргізіп ақпараттық порталын пайдалана отырып жүзеге асырған, сол себепті оған масс-медиа құралдарымен байланысты қызметпен айналысу құқынан айыруды тағайындау қажет.

Жәбірленуші А.Болат 500 000 теңге мүліктік зиянды өндіру туралы талап қоюынан бас тартуы қабылданып, ол бойынша өндіріс тоқтатылуға жатады.

Жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбек сотталушылар А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серіктен келтірілген моральдық зиянды өндіру туралы талап арыз келтірген.

Моральдық зиянды өндіру туралы талап арыздары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 917, 951-баптарының талаптарына сай, ішінара қанағаттандырылуға жатады деп есептейді, себебі сотталушылар полиция қызметкерлеріне қатысты 148 мың жазылушысы бар әлеуметтік желідегі парақшада жариялау олардың қызметтік беделіне нұқсан келтіріп, тәртіптік жауаптылыққа әкелуі мүмкін болғандықтан, мұндай мәліметтер жәбірленушілердің мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, жәбірленушілер қоғам алдындағы абыройы мен қадір қасиетінен айырылу салдарына тап болып, жан мен тән азабын шеккен.

ҚПК-тің 166-бабына сәйкес қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушіні жерлеуге, емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген сомаларды, сондай-ақ өкілдік етуге жұмсалған шығыстарға қоса, анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге және сотқа қатысуға байланысты шеккен шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралады. Қылмыстық іс бойынша берілген азаматтық талап қоюды дәлелдеу осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі. Егер азаматтық талап қоюға байланысты туындаған құқықтық қатынастар осы Кодексте реттелмеген болса, онда азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормалары осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы 2015» жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысының 19) тармағында, Егер азаматтың мүліктік құқықтарының бұзылуы оның жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуымен бір мезгілде орын алса, онда келтірілген мүліктік

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597

зиянды өтеу туралы талапты қанағаттандырумен қатар моральдық зиянды өтеу (мысалы, тұрғын үйге қолсұғылмаушылықты бұза отырып, жәбірленушінің мүлкін құқыққа қайшы иелену; тұтынушының сапалы тауарға құқығын бұзу; авторлықты иелену және т.б.) туралы мәлімделген талап та қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 «Қорқытып алушылық туралы» нормативтік қаулысының 13) тармағына сәйкес, қорқытып алушылық құрамында меншік қатынастары қорқытып алушылықтың негізгі, ал жәбірленушінің денсаулығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті қосымша объектісі болып табылады.

Сот, бұл жағдайда жәбірленушілер Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбектің моральдық күйзелісі сотталушылар мәліметтерді жария етемін деп қорқытумен ғана емес, сондай-ақ аталған қорқытудың іс жүзінде асырылуымен де байланысты деп санап, олардың моральдық зиянды өндіру туралы талап арызы ішінара қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 952-бабына сәйкес, моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде жәбірленушінің не оған қарсы жасалған құқық бұзушылық салдарынан қол сұғу объектісі болған игіліктің (өмір, денсаулық, ар-ождан, қадір-қасиет, бостандық, тұрғын үйге ешкімнің тиіспеуі және т.б.) өмірлік маңыздылығы, ұятқа қалдыратын жалған мәліметтер тарату сипаты мен аясы; жәбірленушінің өмір сүру жағдайлары (қызметтік, отбасылық, тұрмыстық, материалдық, денсаулық жағдайы, жасы және басқалары), өзге де назар аударуға тұратын мән-жайлар ескеріледі.

Аталған мән-жайларды ескеріп азаматтық талапкерлер Р.Н.Жакыпбеков пен Қ.Қ.Алтынбекке азаматтық жауапкерлер А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серікпен келтірілген моральдық зиянды өндіру туралы талап арыздары ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Азаматтық талапкер Р.Н.Жакыпбековтің пайдасына азаматтық жауапкерлер А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серіктен 1 500 000 теңгеден ортақ тәртіппен өндірілуге жатады.

Азаматтық талапкер Қ.Қ.Алтынбектің пайдасына азаматтық жауапкерлер А.Е.Балкыбаев, А.М.Сайдахметов, Ә.Е.Серіктен 1 500 000 теңгеден ортақ тәртіппен өндірілуге жатады.

ҚПК-нің 174, 178-баптарына сәйкес процестік шығындар, сотталушылар А.Е.Балкыбаев пен А.М.Сайдахметовтан тең үлесте, яғни әрқайсысынан 86 500 теңгеден, сот-медициналық сараптамасын жүргізуге жұмсалған 841 теңге сотталушылардан мемлекет пайдасына және мемлекеттік баж салығы 1442 теңге әрқайсысынан тең үлесте өндірілуге жатады.

ҚК-нің 98-1, 98-2-баптарына сәйкес сотталушылардың әрқайсысынан Жәбірленушілерге өтемақы қорына 2026 жылға белгіленген 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 86 500 теңгеден мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

Заттай дәлелдемелердің тағдыры ҚПК-нің 118-бабының 3-бөлігіне сәйкес шешілуге тиіс. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері жазылған 14 дана DVD-R дискісі, бейнежазбалар мен тергеу әрекеттерінің нәтижелері жазылған DVD дискілері, қылмыстық іске тіркелген 3-дана диск, жәбірленуші Р.Н.Жакыпбековпен берілген 1-дана диск іс құжаттарымен бірге сақталуға жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында сотталушылардан алынып, 2026 жылғы 5 тамыздағы қаулымен заттай дәлелдеме деп танылған, Шымкент ҚПД Қаржымен қамтамасыз ету басқармасына өткізілген ақшалай қаражат (А.Е.Балкыбаевтан алынған 75 000 теңге, оның тұрғын үйінен алынған 15 000 теңге, Ә.Е.Серіктен алынған 80 000 теңге, барлығы 170 000 теңге) А.Е.Балкыбаев пен Ә.Е.Серіктің жақын туыстарына қайтарылуға жатады.

А.Е.Балкыбаев пайдаланған «Toyota Highlander» автокөлігінен алынған кастет маманның 2026 жылғы 23 шілдедегі №47 қорытындысына сәйкес суық қару болып табылатындықтан, ал 8 мм калибрлі 9 дана патрон еркін айналымнан алынған заттар болғандықтан, олар жойылуға жатады.

Тінту барысында алынған ұялы телефондар, электрондық тасымалдағыштар, құжаттар мен өзге де заттар қылмыстық құқық бұзушылықтың құралы болып табылмайтындықтан, заңды иелеріне қайтарылуға жатады.

Шымкент ҚПД сақтау камерасында сақталған 1 дана кастет, 8 мм калибрлі 9 дана патрон, «Hatsan Flash 177» және «МР-512» пневматикалық мылтықтары, 2 дана газ баллоны мен шариктер салынған қорап - жойылуға жатады.

А.Е.Балкыбаевтан алынған «iPhone 17 Pro Max» ұялы телефоны (IMEI: 357920794677094), «SHOKZ» құлаққабы, «Huawei» спорттық сағаты, автокөлік кілті, домофоны бар үй кілті, «Ic!Berlin» көзілдірігі, оның тұрғын үйінен алынған А.Е.Балкыбаевтың атына берілген паспорттары мен жеке куәлігі, «Samsung» планшеті, процессорлар, флешкалар, қол сағаттары, «GPS» құрылғылары, 7-дана 10 000 теңгелік купюралар, «Karadar» бейне тіркегіші А.Е.Балкыбаевқа немесе оның сенімхат бойынша өкіліне қайтарылуға жатады.

А.М.Сайдахметовтан алынған «iPhone 16 Pro Max» ұялы телефоны, оның тұрғын үйінен алынған «Huawei», «Redmi», «iPhone 17 Pro Max» ұялы телефондары, 3 дана USB флешка, Жолдарды бақылау қоғамдық бірлестігінің куәлігі, жүргізуші куәліктері мен құжаттардың көшірмелері А.М.Сайдахметовқа немесе оның сенімхат бойынша өкіліне қайтарылуға жатады.

Ә.Е.Серіктен алынған «iPhone 14 Pro Max» ұялы телефоны қаптауышымен және ондағы 10 500 (он мың бес жүз) теңге ақшалай қаражатымен, оттық, «Winston» шылым қорабы, кілттер, Шымкент қаласы, Бағаналы көшесі №22 үйден алынған «Asus», «Alar» ноутбуктері,

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

процессорлар, флешкалар, техникалық паспорттар мен құжаттар заңды иелеріне қайтарылуға жатады.

Шымкент ҚПД айыппұл тұрағында сақталған «Toyota Highlander» мемлекеттік белгісі 672AUK13, «Hyundai Sonata» «TRANZIT» 363ca7456, автокөліктері заңды иелеріне қайтарылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ

ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401-402 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ҮКІМ ЕТТІ:

Балкыбаев Аскат Еримбетович ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын және оған осы баппен 4 (төрт) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 50-бабы 3-бөлігін қолданумен, А.Е.Балкыбаевқа 5 /бес/ жыл мерзімге масс-медиа құралдарымен байланысты қызметпен айналысу құқығынан айыруды белгіленсін.

Жазаны қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленсін.

А.Е.Балкыбаевқа қолданылған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

А.Е.Балкыбаевқа жазаны өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес А.Е.Балкыбаевтың, 2026 жылғы 2 шілдеден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған бір күн уақыты орташа қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

Сайдахметов Ахмадали Мухамадалиевичке қатысты ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 1) тармағында көзделген жәбірленуші А.Болатқа қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылсын, ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігі негізінде, осы жәбірленушіге қатысты қылмыстық жауаптылықтан босатылсын.

Сайдахметов Ахмадали Мухамадалиевич ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын және оған осы баппен 4 (төрт) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 50-бабы 3-бөлігін қолданумен, А.М.Сайдахметовке 5 /бес/ жыл мерзімге масс-медиа құралдарымен байланысты қызметпен айналысу құқығынан айыруды белгіленсін.

Жазаны қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленсін.

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

А.М.Сайдахметовке қатысты қолданылған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

А.М.Сайдахметовке жазаны өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес А.М.Сайдахметовтің, 2026 жылғы 2 шілдеден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған бір күн уақыты орташа қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

Серік Әлихан Ермаханұлы ҚК-нің 194-бабы 2-бөлігінің 2) тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын және оған осы баппен 4 (төрт) жыл 6 (алты) ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын.

ҚК-нің 50-бабы 3-бөлігін қолданумен, Ә.Е.Серікке 5 /бес/ жыл мерзімге масс-медиа құралдарымен байланысты қызметпен айналысу құқығынан айыруды белгіленсін.

Жазаны қылмыстық атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде өтеу белгіленсін.

Ә.Е.Серікке қатысты қолданылған «күзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы өзгеріссіз қалдырылсын.

Ә.Е.Серіктің жазаны өтеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептелсін.

ҚК-нің 62-бабы 3-бөлігінің 2) тармағына сәйкес, Ә.Е.Серіктің 2026 жылғы 2 шілдеден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған бір күн уақыты орташа қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылсын.

Азаматтық талап қоюшылар Қ.Қ.Алтынбек пен Р.Н.Жакыпбековтің моральдық зиянды өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылып, азаматтық жауапкерлер А.Балкыбаевтан, А.М.Сайдахметовтен және Ә.Серіктен азаматтық талап қоюшы Қ.Қ.Алтынбектің пайдасына ортақ тәртіпте 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге моральдық зиян өндірілсін.

Азаматтық жауапкерлер А.Балкыбаевтан, А.М.Сайдахметовтен және Ә.Серіктен азаматтық талап қоюшы Р.Н.Жакыпбековтің пайдасына ортақ тәртіпте 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге моральдық зиян өндірілсін.

Сотталғандар А.Е.Балкыбаевтан, А.М.Сайдахметовтен мемлекет пайдасына әрқайсысынан соммасы 841 (сегіз жүз қырық бір) теңге процестік шығын, әрқайсысынан 1442 (бір мың төрт жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж үлестік тәртіппен өндірілсін, әрқайсысынан Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қорына 86 500 (сексен алты мың бес жүз) теңгеден мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Заттай дәлелдемелер:

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

- күдіктілерден, куәлардан, жәбірленушілерден жауап алу, беттестіру жүргізу нәтижелері, тұрғын үйлеріне, автокөліктерге және өздеріне қатысты жеке тінту жүргізу нәтижелері, айғақты заттарды қарап тексеру нәтижелері түсірілген барлығы - 17-дана DVD-R дискісі қылмыстық іспен бірге сақталсын.

- айғақты зат ретінде танылған «Iphone16 Pro Max» ұялы телефоны күә Н.Н.Нурхановтың қолхатына сай, өзінде қалдырылсын.

- айғақты зат ретінде танылған «Lenovo» маркалы ноутбук күә Н.Н.Нурхановтың қолхатына сай, өзінде қалдырылсын.

- айғақты зат ретінде танылған мемлекеттік белгісі 086 HHH «Lexus» маркалы автокөлігі күә Н.Н.Нурхановтың қолхатына сай, өзінде қалдырылсын.

- «Каспий банк» АҚ-нан ақшалай қаражаттары туралы ақпараттар қылмыстық іспен бірге сақталсын;

- И.Турдыниязовқа қатысты ӘҚБтК-нің 608-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтыру ісінің көшірмелері қылмыстық іспен бірге сақталсын;

- Шымкент ҚПД Қаржымен қамтамасыз ету басқармасына өткізілген А.Е.Балкыбаевтан алынған 75 000 (жетпіс бес мың) теңге (10 000 теңгелік 7 дана, 1 000 теңгелік 5 дана купюра), оның тұрғын үйінен алынған 15 000 (он бес мың) теңге (10 000 теңгелік 1 дана, 5 000 теңгелік 1 дана купюра), Ә.Е.Серіктен алынған 80 000 (сексен мың) теңге, барлығы 170 000 (жүз жетпіс мың) теңге, сотталушылар А.Е.Балкыбаев және Ә.Е.Серіктің жақын туыстарына берілсін.

- Шымкент ҚПД сақтау камерасында сақталған «Hatsan Flash 177» және «MP-512» пневматикалық мылтықтар, 2-дана газ баллон және 9-дана 8 мм патрондар, 1 дана кастет жойылсын;

- А.Е.Балкыбаевтан алынған «iPhone 17 Pro Max» ұялы телефоны (IMEI: 357920794677094), «SHOKZ» құлаққабы, «Huawei» спорттық сағаты, автокөлік кілті, домофоны бар үй кілті, «IciBerlin» көзілдірігі, оның тұрғын үйінен алынған А.Е.Балкыбаевтың атына берілген паспорттары мен жеке куәлігі, «Samsung» планшеті, процессорлар, флешкалар, қол сағаттары, «GPS» құрылғылары, «Karadar» бейнетіркегіші А.Е.Балкыбаевтың туыстарына немесе сенімхат бойынша өкіліне қайтарылсын;

- А.М.Сайдахметовтен алынған «iPhone 16 Pro Max» ұялы телефоны, оның тұрғын үйінен алынған «Huawei», «Redmi», «iPhone 17 Pro Max» ұялы телефондары, 3 дана USB флешка, Жолдарды бақылау қоғамдық бірлестігінің куәлігі, жүргізуші куәліктері мен құжаттардың көшірмелері А.М.Сайдахметовқа туыстарына немесе оның сенімхат бойынша өкіліне қайтарылсын;

- Ә.Е.Серіктен алынған «iPhone 14 Pro Max» ұялы телефоны қаптауышымен және ондағы 10 500 (он мың бес жүз) теңге ақшалай қаражаты, оттық, «Winston» шылым қорабы, кілттер, Шымкент қаласы,

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

Бағаналы көшесі №22 үйден алынған «Asus», «Alar» ноутбуктері, процессорлар, флешкалар, техникалық паспорттар мен құжаттар заңды иелеріне қайтарылсын;

- Шымкент ҚПД айыппұл тұрағында сақталған «Toyota Highlander», мемлекеттік белгісі 672AUK13, «Hyundai Sonata»«TRANZIT» 363ca7456 және «Lexus GS» мемлекеттік белгісі 086HHH11 автокөліктері заңды иелеріне қайтарылсын.

- күә О.Юлдашевтің «Iphone 16 Pro» ұялы телефоны, күә Қ.Астарханның «Iphone» маркалы ұялы телефоны оның сақтау қолхатына сай, өзінде қалдырылсын.

- жәбірленуші Р.Жакыпбековтің «Iphone» маркалы ұялы телефоны оның сақтау қолхатына сай, өзінде қалдырылсын.

Үкім жарияланғаннан кейін он бес тәулік ішінде, ал күзетпен ұсталған сотталған өзіне үкімнің көшірмесін табыс етілген күннен бастап дәл сондай мерзімде Шымкент қалалық сотының қылмыстық істерді қарау апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты арқылы аппеляциялық шағым немесе прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Есенов**

Құжатқа қол қойылған: Есенов А. Б., 03.11.2026

5241-26-2-1/1597